



«Бекітемін»

№13 «Гүлдер» бөбекжай

балабақшасының меңгерушісі

М.Бибосынова *М. Бибосынова*

Өндірістік жиналыс

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	№1 1. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімін анықтау. 2. Ішкі тәртіп ережелері, жұмыс тәртібінің лауазымдық міндеттері. 3. Жылу мәселелері. 4. Ауладағы топ учаскелері, ойын алаңдарындағы тазалық туралы.	Қыркүйек 27.09.2022ж.	Меңгеруші М.Бибосынова Тәрбиешілер С.Мусирепова.
2	№2 1. Ішкі еңбек ережелерінің сақталуы. 2. Балабақшадағы өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы (мәлімдеме) 3. Балабақшаның қыс мезгіліне дайындығы және жарық беру мен жылу беру талабының орындалуына есеп беру. 4. Балабақша санитария-гигиеналық талаптарды орындау жұмыстарының жүргізілуі туралы.	Желтоқсан 22.12.2022	Меңгеруші М.Бибосынова С.Мусирепова Тәрбиеші А.Карабаева
3	№3 1. Еңбекті қорғау мәселесі. 2. Балабақша мен ата-аналар арасындағы байланыс. 3. «Наурыз» мерекесіне дайындық. ТҚ және ӨҚ нұсқаулықтарын басшылыққа алу.	Наурыз 15.03.2023ж.	Меңгеруші М.Бибосынова С.Мусирепова К.Исмаилова
4	№4 1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы 2. Бала өмірін қорғау туралы нұсқау жүргізу 3. Қызметкерлердің санитарлық талаптарын сақтау 4. Жазғы сауықтыру шараларын нақтылап талқылау, бекіту	Маусым 22.05.2023ж.	М.Бибосынова М.Бибосынова С.Мусирепова

№13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

Өндірістік кеңес Хаттама №1

Мерзімі: 27.09.2022ж

Күн тәртібі

1. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімін анықтау.
2. Ішкі тәртіп ережелері, жұмыс тәртібінің лауазымдық міндеттері.
3. Жылу мәселелері.
4. Ауладағы топ учаскелері, ойын алаңдарындағы тазалық туралы.

Бірінші мәселеде топтардағы жабдықтарды стандарт талаптарына сай жүргізу туралы балабақша меңгерушісі М.Бибосынова сөзге шықты. Ол өз сөзінде жабдықтау жұмыстарында мемлекеттік және қолдан жасалған бұйымдарды (көрнекіліктер) оларға қажет болған түптеу жұмыстарын, қайта жасау, қолдан жасалған көрнекіліктер санын арттыру т.с.с жұмыстарға кең көңіл бөлу керектігін айтып өтті. Көрнекіліктерден кеңінен пайдалану үшін оларға қамқорлық жасау керектігін әркім ұмытпау керектігін айтылды.

Балалардың тізімін анықтау туралы төмендегілерді айтып шықты. Балалар тізімін анықтауда балалардың басқа да балабақша тізімінде жоқтығын, балалардың денсаулық кітапшасын, керекті құжаттардың түгелдігі т.с. сияқтылардың түгелдігін қамту жұмыстарына көңіл бөлу керектігі айтылды.

Сөз соңында жабдықтау жұмыстарын орындауда стандарт талаптарына сай жүргізу керектігін ескертіп өтті.

Күн тәртібінің екінші мәселесі болған ішкі тәртіп ережелері жұмыс тәртібінің лауазымдық міндеттері туралы сөз жүргізді. Балабақша меңгерушісі М.Бибосынова сөз алды. Ол өз сөзінде балабақша ішкі тәртібін қайталап өтті.

Балабақшаның әр бір қызметкері ішкі тәртіпке мойынсынуы, сол тәртіп негізінде жұмыс жасауы, ішкі тәртіп ережелері бұзбауы керектігі айтылды. Жұмыс тәртібінің лауазымдық міндеттері туралы сөз жүргізілгенде лауазымдық міндеттерді де қоса атап өтті. Әр бір лауазым иесі лауазымына қарай міндеттерді біле жүргені жөн, лауазымдық жұмыстарды атқару кезеңінде лауазымдық міндеттері ескеріп жұмыс жасау талапқа сай жүргізу керектігін ескертіп өтті. Әр бір лауазым иесі өзіне тән міндеттерді ойдағыдай атқарып отырса балабақша жұмысы ілгері жылжиды деген ойын ортаға салды.

Лауазымдық қызметтер ережесі әрбір лауазым иегеріне тарқатылатын (екі экзemplяр) біреуі бақша, екіншісі лауазым иесіне берілетінін де айтып өтті.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі болған балабақшаның шаруашылық істері меңгерушісі Р.Рустемова сөз алды. Ол өз сөзінде балабақшаның қазандығы жылытуға дайын, газ өлшегіш (счетчик) облыстық тексеруден өткерілгендігін, облыстағы мамандар тексеруден өткізіп қайта тіркегендігін айтып өтті. Балабақшада қазандықты тазалау, бөлмелерді жылыту системаларды толық тексеріліп қажет болған жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сμισительдер, краниктер, шлангалар ауыстырылды және тазаланды. Қорыта айтқанда жылу жүйесі жылыту маусымына дайын екенін айтты.

Алдағы уақытта жылыту жүйесінің сыртқы трубаларын қаптау (ыстықты сақтау үшін) жұмысын жасау керектігі айтылды.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселеде балабақша меңгерушісі М.Бибосынова сөз алды. Ол өз сөзінде балабақша ауласындағы инверторлар мен жабдықтардың тазалығын, арам шөптен тазалау, беседкалардың тазалықтары туралы айтып шықты. Әрбір бекітілген топ, аула сыпырушысы және бекітілген тұлға жұмыстарын күнделікті қадағалап отыруды, шаруашылық істер меңгерушісі Р. Рустемова және балабақша медбикесі З. Барболоваға жүктелді. Аты аталған қызметкерлер алдағы уақытта меңгеруші айтқанындай етіп жұмыстарын жасайтындықтарын айтып өтті.

«Тазалық денсаулық кепілі» деген сөз текке айтылмаған. Сондықтан да тазалыққа үлкен мән беруге әрбір қызметкер міндетті. Балабақшада тек тазалық «бейсенбі» күні ғана емес, күнделікті жүргізіліп отырылуы керек. Сөз соңында жаңа оқу жылымен құттықтап, жаңа қарқынмен, жаңаша тәсілмен жұмыс бастауларымен құттықтады.

Осымен әкімшілік кеңес өз кеңесін аяқтап төмендегідей шешім қабылдады.

Шешім:

1. Балабақшада жабдықтау жұмыстары стандарт талаптарына сай жүргізілсін.
2. Ішкі тәртіп ережелері, жұмыс тәртібінің лауазымдық міндеттемелері жыл бойы сақталсын.
3. Жылу жүйелері жылытуға дайын деп есептелсін.
4. Балабақша тазалығына күнде назар аударылып отырылсын.
5. Жаңа оқу жылында жаңаша тәсілдер жиі қолданылсын.

Кеңес төрайымы:  М.Бибосынова

Кеңес хатшысы:  С.Мусирепова.



№13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

Өндірістік кеңес Хаттама №2

Мерзімі: 22.12.2022ж

Қатысқандар: 27

Күн тіртібі.

1. Ішкі еңбек ережелерінің сақталуы.
2. Балабақшадағы өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы (мәлімдеме)
3. Балабақшаның қыс мезгіліне дайындығы және жарық беру мен жылу беру талабының орындалуына есеп беру.
4. Балабақша санитария-гигиеналық талаптарды орындау жұмыстарының жүргізілуі туралы.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сөзге шыққан балабақша меңгерушісі М.Бибосынова ішкі еңбек ережелерінің сақталуы туралы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде еңбек ережелерін сақтауды әр бір қызметкер өзіне тиісті болған жұмыстарды дер кезінде, ешкімнің ескертуінсіз орындауы шарттығын айта келе арамызда ескертуден кейін орындайтындар да барлығын айтып өтті. Ішкі еңбек ережелермен барлық қызметкер таныс жұмыстар ережеге сәйкес жүріп жатыр. Дегенменде кемшіліктерде кездесуде кемшіліктерді болдырмау үшін ішкі еңбек ережелерін қатаң сақтау керектігі барлық жұмыстар ережеге сәйкес жүргізілуі керектігі ескертілді.

Екінші мәселеде сөзге балабақша шаруашылық жұмыстары меңгерушісі Р.Рустемова сөзге шығып балабақшада өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы туралы мәлімет жасады. Ол өз сөзінде балабақшадағы өрт сөндіру тоқтасындағы (щит) жабдықтар (шелек, лом, күректер, балта, багор) түгелдігі, құмның жеткілікті мөлшерде екенін, жабдықтар жылда боялып тұрылуы. Тәрбиешілерге өрт сөндіру құралдарынан (огнетушитель) қалай пайдалану керектігі туралы түсініктер берілуі туралы, 01-ге хабар беруде анық толық мәлімет бере білуді, өрт қауіпсіздігі ережелерін толық білу және ережені қатаң сақтау туралы әр бір қызметкерлер мәліметке ие сандай-ақ қызметкерлер арасында сұрақ – жауап жұмыстары жүргізілді. Онда сұраған сұрауларына әрбір қызметкер жауабын алды. Жасалған мәлімет толық деп бағаланды.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі сөзге шыққан балабақша меңгерушісі М.Бибосынова балабақшаның қыс мезгіліне дайындығы: жарық пен жылу беру талабының орындалуына есеп беру туралы сөз бастады. Есеп толық, анық және дәлелді болуы керектігін ескертіп өтті.

Сөзге шыққан балабақша меңгерушісі шаруашылық жұмыстары бойынша Р. Рустемова төмендегіге есеп берді.

Балабақшаны жылыту жүйесі жылу беру маусымына дейін толық тексеруден, тазалаудан өтті. Газ қызметкерлер жағынан есептегіш (счетчик) облыстық қайта тексеруден өткізілгендігін, Ш.Р.П тазаланғандығын ғимараттағы жерлерге су айдалып ауасы шығарылып жағуға дайындалған болатын. Қазіргі таңда жылу жүйесінің жұмысы орынды жүргізілуде, яғни барлық бөлмелерде шолу температурасы жақсы, ауа шығару жұмыстары жүйедегі су қайта толтырылған кезде уақытылы жүргізілуде, жылу мүшесіне қойылған талаптар толығымен орындалуда.

Жарық беру жүйесі туралы төмендегінше есеп берді. Бөлмедегі жарамсыз болған лампочкалары толық алмастырылған. Жарық үшін төлем уақытылы жүруде, жарықтың болмай қалуына балабақша ішінде кедергі жоқ.

Балабақшада санитария- гигиеналық талаптарды орындау жұмыстарының жүргізілуі туралы сөзге балабақша медбикесі З.Барболова шықты. Ол өз сөзінде санитария-гигиеналық жұмыстардың жүргізілуі облыстық бас дәрігердің ұйғарымы бойынша жүргізіліп отырғандығын атап өтті. Талаптарды орындауда әр бір қызметкерлер назар аударуда барлық жұмыстарды іс-шараларды талаптарға сай жүргізілуде. Бүлдіршіндердің температураларын, дене тазалығы күнде тексеріліп баруда, балабақшаға кіріп-шығу «АШЫҚ» QR кодымен жүргізілуде. Антисептиктер жиі пайдалануды, қол қаптар мен бетперделер жиі алмастырылуда, арақашықтық сақталуда. Балаларды топтарда, ара қашықтықты сақтап жүруге дағдыландырып жұмыстарын жүргізуде. Көшпелі дезинфекция кіре берісте істе тұр. Қызметкерлер мед халаттармен жұмыс жүргізуде. Жалпы қорыта айтар болсақ санитария гигиеналық жұмыстар талапқа сай жүргізілуде.

Шешім:

1. Ішкі еңбек ережелері қатаң сақталсын.
2. Балабақшада өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталу туралы мәлімет қанағаттанарлы деп табылсын.
3. Балабақшадағы жарық беру талаптарының орындалуы қанағаттанарлы деп бағалансын.
4. Санитария гигиеналық талаптар толығымен орындалсын.

Төрайым

Хатшы:



М.Бибосынова

С.Мусирепова.

№13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

Өндірістік кеңес Хаттама №3

Мерзімі: 15.03.2023ж

Қатысқандар саны:

Күн тәртібі

1. Еңбекті қорғау мәселесі.
2. Балабақша мен ата-аналар арасындағы байланыс.
3. «Наурыз» мерекесіне дайындық. ТҚ және ӨҚ нұсқаулықтарын басшылыққа алу.

Бірінші мәселеде сөзге шыққан балабақша меңгерушісі Г. Баймаганбетова «Еңбекті қорғау» мәселесі туралы сөз сөйледі. Ол өз сөзінде ұжым мүшелерінің еңбегін қорғау, әр бір ұжым мүшелерінің еңбегін бағалау өзара тәжірибе алмасу, еңбекке деген ынта-жігерін арттыру, балаларды да еңбекке баулу туралы көптеген ой пікірлерін ортаға салды. Еңбекті қорғау еңбек кодексінде де көрсетілген дәрежеде қорғай білуге шақырды. «Адамды адам еткен еңбек» деген мақал текке айтылмаған. Адам еңбексіз дамуының мүмкіндігі жоқтың қасы. Адам сүйіспеншілік, ықылас ынтасымен жұмыс істесе, істеген жұмысының нәтижесі айқын көрініп тұрады. Сондықтанда адам тәрбиесінде еңбек тәрбиесінің рөлі маңызды.

Екінші мәселеде балабақшамен ата-аналар арасындағы байланыс туралы сөз жүргізілді. Онда сөзге шыққан балабақша меңгерушісі С. Мүсірепова бала тәрбиесінде ата-ананың рөлі маңызды және ата-аналармен байланыс тығыз (күнделік) болғанда бала тәрбиесі бір бағытта жүргізілді. Ата-анамен байланысты тәрбиеленген баланың тәртібі, оқуы, мінезі, жүріс-тұрысы қалыпты өседі. Ата-ана басқа бағытта болса бала тәрбиесі өмірде көптеген қиындықтарға жалықтыру мүмкін, сондықтан да бала тәрбиесін ата-анамен тығыз байланысты жүргізген аса тиімді әдіс.

Ата-аналар мен тәрбиешілер арасында байланыстар тек ата-ана балабақшаға келгенде ғана емес мүмкіндігі барынша жиі-жиі ата-аналармен кездесіп тұру керек. Тәрбиешінің бала үйіне барып ата-анасымен сұхбат жасаудың өзі бала тәрбиесіне ықпалын тигізеді. Бала ойлайды: неге келді? Мен бүгін балабақшада тәртіпті бұздым ба? Енді онда жағымсыз әрекет жасамаймын деп ойлайды.

Үшінші мәселеде «Наурыз» мерекесіне дайындық ТҚ және ӨҚ нұсқаулықтарын басшылыққа алу туралы сөз жүргізілді. Сөзге балабақша меңгерушісі Г. Баймаганбетова наурыз мерекесіне бағдарлама жоспарлап, жоспар бойынша дайындық жұмыстарды жүргізу туралы айтып өтті.

«Наурыз» бүкілхалықтық мереке, тарихи терең мейрам, сондықтан мерекені жоғары қарқында өткізуге әрбір ұжым мүшесі белсенді қатысуы керек.

«Наурыз» мерекесіне дайындық және өткізу кезінде техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздік шараларын орындау жұмыстарына жауапты етіп балабақша шаруа жұмыстары бойынша меңгерушісі Р. Русемова жүктелсін, балабақшада әрбір іс-шара ТҚ және ӨҚ талаптарына сай жүргізілуі басшылыққа алынсын.

Шешім:

1. Еңбекті қорғау жұмыстары еңбек кодексіне сай жүргізілсін.
2. Балабақша мен ата-аналар байланыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. «Наурыз» мерекесіне өткізуде ТҚ және ӨҚ ережелері сақталсын.

Төрайымы:

Хатшы:



Г. Баймаганбетова

С. Мусирепова

№13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы мекемесі

Өндірістік кеңестің № 4 хаттамасы

22.05.2023ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы
2. Бала өмірін қорғау туралы нұсқау жүргізу
3. Қызметкерлердің санитарлық талаптарын сақтау
4. Жазғы сауықтыру шараларын нақтылап талқылау, бекіту

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша сөйледі: Балабақшасының меңгерушісі Г.Н.Баймагамбетова төтенше жағдай жаракаттын болмауы үшін барлық жағдай жасалды. Дабылдар дыбыс белгілері орнатылды. Қызметкерлер еңбек демалысына өтініштері бойынша кезекпен жіберілді. Өрт қауіпсіздігін болдырмау ережелерінің нұсқаулықтарымен барлық қызметкерлер жақсылап танысты.

Екінші мәселе бойынша бала өмірі мен денсаулығы бойынша нұсқау беріп өтті. Балабақша әдіскер С.Н.Мусирепова сөз алды: Осы нұсқау бойынша сөзді алып, бала өміріне жауапкершілікпен қарауымызды және бұл өте маңызды екендігін айтып өтті. Дұрыс тамақтануын қадағалауымыз және де баланың балабақшада жүрген кездегі жағдай бәріне жауапкершілік мол болу керек баланы ата-анасына тапсырған уақытқа дейін жақсы бағытта қадағалап бар қажеттілікті қамтамасыз етуіміз керек. Әрбір бала бақшаға бейімделу үшін баланы қызықтыру үшін түрлі ойынды баланын қимылдармен көрнекіліктерді қоланып, қызығушылығын туғыздырып ой-өрісін дамытып баланың қалыптасып кеткенге дейін жақсы бағыт-бағдар беруіміз керек. Балалар өскелең ұрпақ болғандықтан оларға барынша жақсы тәрбие беру болып табылады.

Үшінші маселе бойынша Балабақша медбикесі З. Барболова сөз сөйледі. Қызметкерлердің санитарлық тексеруден соңғы короновирус инвекциясынан кейін барлық қызметкерлер алты ай сайын өтетіндігін және мед книжкалардың барлық қызметкерде бар, оту уақыттары дұрыс екендігін айтты.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері С.Мусирепова сөз сөйледі. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары жасалғандығын айтты.. Ең алдымен ата-аналарға жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары

Шешім

-

Төрайымы

Г.Баймагамбетова

Хатны

С.Мусирепова